БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.
_____ М.М. Умуркулова
«___» _____ 2026 ж.

Оқу жұмыс бағдарламасын құрастыруға әдістемелік талаптар – Syllabus
(23.10.2026 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №4 хаттамасы)

1. Осы құжат Syllabus (бұдан әрі – Силлабус) оқу жұмыс бағдарламасын жасауға қойылатын әдістемелік және техникалық талаптарды қамтиды.

2. Силлабус білім алушыларды білім беру бағдарламасына кіретін нақты оқу пәнінің мазмұны және белгілі бір уақыт кезеңінде оны игеруге қойылатын талаптар жүйесі туралы хабардар етуге арналған.

3. Силлабус пәнді оқытудың мақсаты, курс саясаты, оқу тақырыптары, тапсырмалар, күтілетін оқыту нәтижелері, оқыту және бағалау әдістері, ұсынылған дереккөздер, оқытушының байланыстары туралы құрылымдалған ақпаратты қамтиды.

4. Силлабус жоғары мектептің әдістемелік құжаттарын әзірлеудің базалық тәсілдерін ескере отырып құрастырылады.

5. Силлабусты пән оқытушысы жасайды, қызмет көрсету кафедрасының отырысында талқыланады және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі факультеттің комиссиясы бекітеді.

6. Силлабус білім беру бағдарламасының өзектілеуіне, оқу жұмыс жоспарының өзгеруіне қарай, сондай-ақ пән оқытушысының немесе кафедра меңгерушісінің бастамасы бойынша қайта қаралады.

7. Силлабус жарияланады және білім алушыға электрондық түрде ұсынылады.

8. Осы талаптар Академиялық кеңестің шешімі бойынша, факультеттердің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының, академиялық жұмыс бойынша Департаменттің бастамасы бойынша өзгертілуі мүмкін.

9. Осы талаптарды Басқарма Төрағасы-Ректор Академиялық кеңес мақұлдағаннан кейін бекітеді.

Титул парағы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

_____

Факультет атауы

_____

Кафедра атауы

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ – SYLLABUS

пәні бойынша

_____

Пән атауы

білім беру бағдарламасы үшін

_____

Шифр - Атауы

Курс:
Оқу мерзімі:
Кредиттер көлемі:

Кафедра отырысында мақұлданды,
хаттама № __ ____ж.

Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының
отырысында бекітілді,
хаттама №__, «__» ____ 20__ ж.

1. КУРСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырып атауы / Сағат көлемі	АБ	Дәріс сабақтары	Семинар / Практикалық сабақтар	Зертханалық сабақтар	СОӨЖ	СӨЖ
	…						
	Сағат саны						

Талаптар:
Тақырыптық жоспар оқу тақырыптарының тізбесін, білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарында көзделген сабақ түрлері бойынша сағат көлемін қамтиды.

2. ОҚЫТУШЫ(ЛАР) ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Оқытушының аты-жөні (толық)
Кафедра көрсетілген лауазым, ғылыми дәрежесі (атағы)
Байланыс ақпараты
Кафедраның орналасқан жері

Талаптар:
1) бұл ақпарат білім алушыларға оқытушымен аудиториядан тыс уақытта байланыс жасауға мүмкіндік беруі тиіс;
2) "Байланыс ақпараты" бағанында оқытушының e-mail болуы тиіс. Оқытушы өз қалауы бойынша байланыс WhatsApp-ты, вебинарлар өткізуге арналған әлеуметтік желілердегі мекенжайды, өзінің CV (түйіндеме) орналастыру ресурсына сілтемені көрсете алады.

3. КУРС САЯСАТЫ

Аталған оқу курсы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Академиялық саясат талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. Академиялық талаптарды орындамаған және сабаққа қатысуы төмен болған жағдайда ықтимал салдарларға назар аудару ұсынылады. Осы пәнді оқу барысында оқытушы мен білім алушылар университетте қабылданған Академиялық адалдық ережелерін ұстануы тиіс. Университеттің академиялық саясаты мен академиялық адалдық ережелеріне академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің сайтында еркін қол жеткізуге болады www.buketov.edu.kz, сондай-ақ білім алушылардың жеке кабинетінде. Барлық студенттерге/магистранттарға/докоранттарға сабақтардағы оқу тақырыптарын талқылауға тең мүмкіндіктер беріледі. Силлабуста көрсетілген оқу тақырыптары бойынша барлық адамдардың сұрақтар қоюға және жауаптар алуға құқығы бар. Оқытушының

тапсырмаларын орындау кезінде білім алушылардың ойлау ерекшелігі, шығармашылық көзқарасы құпталады. Барлық білім алушылардан мінез-құлық академиялық мәдениетін сақтау, бір-біріне өзара құрмет көрсету талап етіледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар оқытуда жеке көзқарас құқығын пайдалана алады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар мәтін өлшемін өзгерту, визуалды әсерлер мен мәтіндік курсор параметрлерін баптау, экрандық үлкейткіш, экрандық диктор, есту құрылғылары, субтитрлер және дауыстық функциялар сияқты операциялық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз етудің арнайы мүмкіндіктерін пайдалана алады. *(Ғылыми кеңестің 23.10.2026 жылғы №4 хаттамасына сәйкес отырысында толықтырылды).*

Талаптар:
1) силлабустың осы бөлімі білім алушыларды академиялық саясат, академиялық адалдық ережелері туралы ресми ақпаратқа жіберуі тиіс. Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген әмбебап мәтінді пайдалану ұсынылады;
2) оқытушы өз қалауы бойынша курсты меңгеруге қойылатын, жалпы білім беру саласындағы заңнамаға және академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Жарғысына қайшы келмейтін ерекше талаптарды көрсете алады.

4. КУРСТЫҢ ПРЕРЕКВИЗИТТЕРІ

Талаптар:
Осы бөлім ұсынылып отырған курсты меңгеруге дейін игерілуі тиіс пәндер тізбесін қамтиды.

5. КУРСТЫҢ ПОСТРЕКВИЗИТТЕРІ

Талаптар:
Осы бөлім ұсынылған курсты ойдағыдай меңгергеннен кейін меңгеруге тиіс пәндер тізбесін қамтиды.

6. КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Талаптар:
1) бұл бөлімде пәнді оқытудың мақсаты, оның негізгі мазмұны және маманды кәсіптік даярлау бағдарламасындағы орны туралы сипаттамалық ақпарат қамтылуы тиіс. Бастапқы сөйлем ретінде «Пән білім алушылардың ... туралы білімдерін/теориялық түсініктерін/дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады» деген тұжырымды пайдалану ұсынылады. Одан әрі сипаттауда

«Курс ... зерделеуге бағытталған», «Курс аясында ... мәселелері/проблемалары қарастырылады» деген тіркестерді қолдануға болады;
2) курсты 40-50 сөзбен сипаттау ұсынылады.

7. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

№	Оқу нәтижелері	Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері

Талаптар:
1) осы бөлім ұсынылатын курс мәнмәтініндегі оқыту нәтижелерінің тізбесін қамтиды. Оқыту нәтижелері Блум таксономиясының қағидаттарын ескере отырып тұжырымдалуы және үшінші жақтың жекеше түріндегі белсенді етістіктен басталуы тиіс (1-қосымшаны қараңыз);
2) әрбір оқыту нәтижесі оның қол жетімділігін бағалау әдісімен қамтамасыз етілуі тиіс. Бағалау әдісі аяқталған әрекетті көрсетеді және "біледі", "істей алады", "меңгереді" етістіктерін қамтиды. Сонымен қатар, бір нәтижеге қол жеткізу бір уақытта бір, екі немесе үш етістікпен көрсетілуі мүмкін: кейбір жағдайларда нәтижеге қол жеткізуді тексеру үшін бір санатты ("білу" немесе "істей алу" немесе "меңгеру"), басқаларында – екі категорияны, үшіншіден – барлық үш санатты белгілеу жеткілікті. Бұл категориялардың тіркесімі оқыту нәтижесінің сипатына, оның пәндік, мета-пәндік, жеке сипатына байланысты болуы керек;
3) оқыту нәтижелерінің сандық құрамы курс мақсатының күрделілік деңгейімен, оның маманды кәсіптік даярлау бағдарламасындағы орнымен негізделуге тиіс. Кемінде 3 оқыту нәтижесін көрсету ұсынылады.

8. ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Талаптар:

Бұл бөлім оқытушының оқыту процесінде қолданатын оқыту әдістерінің тізбесін қамтиды.

Анықтама үшін: ғылыми әдебиеттерде оқытудың әртүрлі әдістерін бөліп көрсету әдетке айналған, мысалы:

- ақпаратты беру көзі бойынша: сөздік әдіс (дәріс, пікірталас, оқу ақпарат көзімен жұмыс), көрнекілік әдіс (суреттермен және схемалармен жұмыс, бейнероликтерді қарау), практикалық әдіс (кейстерді, тапсырмаларды орындау, міндеттерді шешу, зертханалық жұмыстарды жүргізу және т. б.);

- білім алушылардың танымдық қызметінің сипаты бойынша: ақпараттық-рецептивтік әдіс (оқытушы білім алушыларға ақпаратты берген кезде); репродуктивті (білім алушы берілген үлгі бойынша іс-әрекеттерді

орындайды); проблемалық баяндау әдісі (оқытушы проблеманы тұжырымдайды және оны шешу үшін логикалық қадамдарды көрсетеді); эвристикалық (оқытушы проблеманы жеке міндеттерге бөледі, ал білім алушылар оларды шешеді); зерттеу әдісі (білім алушылар қойылған мәселелерді шешу жолдарын іздейді); жобалау әдісі (білім алушылар нақты жобаны әзірлейді); төңкерілген оқыту әдісі (білім алушылар теориялық тақырыпты өз бетінше меңгереді, оны оқытушының қатысуымен аудиторияда практикада қолданады).

9. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Талаптар:

Бұл бөлім білім алушылардың академиялық прогресін бағалау үшін оқытушымен қолданылатын әдістердің тізбесінен тұрады.

Анықтама үшін: ғылыми әдебиеттерде оқу нәтижелерін бағалаудың әртүрлі әдістерін бөліп көрсету әдетке айналған, мысалы: ауызша бақылау әдісі, жазбаша бақылау әдісі, бағдарламаланған бақылау әдісі, тестілік бақылау әдісі, портфолио әдісі және басқалар.

10. КУРС БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАТЫН КӨЗДЕР ТІЗІМІ

№	Курс бойынша дереккөздердің атауы
Негізгі оқу және ғылыми әдебиеттер	
Қосымша оқу және ғылыми әдебиеттер	
Электрондық тасығыштардағы көздер	
Интернет көздері	

Талаптар:

1) бұл бөлім білім алушыларды пән бойынша оқу көздерінің болуы туралы хабардар етуге бағытталған: оқулықтар, әдістемелік құралдар, ұсынымдар, монографиялар, мерзімді басылымдар, электрондық өнімдер, интернет-ресурстар;

2) дереккөздер ұсынылған айдарларға сәйкес жіктелуге және силлабустың келесі бөлімдерінде сілтеме ретінде пайдаланылатын өтпелі реттік нөмірі болуға тиіс;

3) негізгі дереккөздердің тізбесіне басылымның соңғы 20 жылының еңбектері кіруі тиіс; "құқық" бағытындағы білім беру бағдарламаларына арналған силлабустарда Құқықтық ақпараттың халықаралық және Ұлттық базаларына

сілтеме болуы тиіс. *(27.02.2025 ж. № 11 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді);*

4) қосымша дереккөздер тізбесіне әртүрлі жылдардағы танымал ғалымдардың ресми құжаттары, мерзімді басылымдары, іргелі еңбектері кіруі мүмкін;

5) дереккөздердің тізімінде шетелдік және отандық авторлардың, соның ішінде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті оқытушыларының еңбектері ұсынылуы мүмкін. *(27.02.2025 ж. № 11 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді);*

6) негізгі және ұсынылатын дереккөздер оқыту тілінде болуы тиіс. *(27.02.2025 ж. № 11 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).*

7) білім алушыларға кемінде 10 дереккөз ұсыну ұсынылады;

8) ББББ-ның әрбір пәні бойынша дереккөздер тізімінде университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми мақалаларын, монографияларын, оқу құралдарын және басқа да ғылыми жарияланымдарын қамтитын кітапхана қоры мен цифрлық контент базалары, сондай-ақ әлемдік цифрлық кітапханалар базасы қарастырылуы тиіс. *(Ғылыми кеңестің 23.10.2026 жылғы №4 хаттамасына сәйкес отырысында толықтырылды).*

11. ДӘРІС САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Дәріс тақырыбы	Дәріс жоспары	Максималды балл

Талаптар:

1) осы бөлім әрбір дәріс тақырыбы шеңберінде қандай мәселелер қаралатыны туралы ақпаратты қамтиды. Дәріс жоспары тақырыпты ашу логикасын көрсетуі керек. Ол дәрістік сабаққа шығарылатын мәселелердің нөмірленген тізбесі түрінде ұсынылуы мүмкін;

2) дәрістің аталған тақырыбы курстың тақырыптық жоспарына сәйкес келуі тиіс;

3) кестеге түсіндірме:

Дәріс тақырыбы – дәрістің атауы.

Дәріс жоспары – дәрісте қарастырылатын негізгі мәселелер. (2-4 тармақ).

Ең жоғары балл – тақырып бойынша белсенділік немесе бақылау үшін берілетін балл саны. *(Ғылыми кеңестің 23.10.2026 жылғы № 4 хаттамасына сәйкес отырысында толықтырылды).*

12. СЕМИНАР/ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ЖОСПАРЫ (қажеттісін таңдау)

№	Сабақтың тақырыбы	Сұрақтар мен тапсырмалар	Әдістемелік ұсынымдар (қажет болған жағдайда)	Ұсынылған көздер тізбесіне сілтеме

Талаптар:

1) осы бөлім талқылауға шығарылатын мәселелердің және/немесе тапсырмалардың тізбесін қамтиды;

2) дәрістің аталған тақырыбы курстың тақырыптық жоспарына сәйкес келуі тиіс;

3) сабақ жоспары тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдармен сүйемелденуі мүмкін;

4) ұсынылған әдебиеттер тізбесіне сілтеме дереккөздің реттік нөмірі болып табылады.

12.1. ДУАЛДЫ ОҚЫТУ (БАР БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА)

Пәнді дуалды оқыту элементтерімен іске асыру кезінде келесі кесте толтырылады:

№	Пән тақырыбы	Дуалды оқыту мазмұны (практикалық қызмет түрі)	Дуалды оқыту базасы (кәсіпорын/ұйым)	Сағат саны	Өткізу кезеңі	Бақылау түрі

Кестеге түсіндірме:

- Пән тақырыбы – силлабусқа сәйкес тақырып.
- Дуалды оқыту мазмұны – білім алушының кәсіпорында орындайтын практикалық тапсырмалары.
- Дуалды оқыту базасы – практикалық бөлім өтетін ұйым немесе кәсіпорын.
- Сағат саны – практикалық қызметке бөлінген уақыт көлемі.
- Өткізу кезеңі – апта немесе нақты өту мерзімі.

- Бақылау түрі – есеп, қорғау, практикалық жұмыс, күнделік, презентация және т.б. *(Ғылыми кеңестің 23.10.2026 жылғы №4 хаттамасына сәйкес отырысында толықтырылды).*

13. ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАР ЖОСПАРЫ

№	Сабақтың тақырыбы	Зертханалық тапсырма	Әдістемелік ұсынымдар (қажет болған жағдайда)	Ұсынылған көздер тізбесіне сілтеме

Талаптар:
1) бұл бөлім зертханалық тапсырмалар тізбесінен тұрады;
2) сабақ жоспары тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдармен сүйемелденуі мүмкін;
3) ұсынылған әдебиеттер тізбесіне сілтеме дереккөздің реттік нөмірі болып табылады.

14. СОӨЖ - ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

№	Сабақтың тақырыбы	Тапсырмалар	Әдістемелік ұсынымдар (қажет болған жағдайда)

Талаптар:
1) бұл бөлімде оқытушының жетекшілігімен тақырыпты өз бетінше оқуға арналған тапсырмалар бар;
2) дәрістің аталған тақырыбы курстың тақырыптық жоспарына сәйкес келуі тиіс;
3) тапсырмалар оларды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдармен сүйемелденуі мүмкін.

15. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР – СӨЖ

№	Сабақтың тақырыбы	Тапсырмалар	Әдістемелік ұсынымдар (қажет болған жағдайда)

Талаптар:
1) бұл бөлімде тақырыптарды өз бетінше зерттеуге арналған тапсырмалар бар. Тапсырмалар аралас болуы мүмкін және бірнеше тақырыптың мазмұнын қамтуы мүмкін;
2) тапсырмаларды орындауға әдістемелік ұсынымдар қоса берілуі мүмкін.

15.1 ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Талаптар:
Бұл бөлім міндетті болып табылмайды және қажеттілігіне қарай, мысалы, егер жазбаша жұмыс бағаланатын тапсырмалар тізбесіне енгізілген жағдайда енгізіледі.

16. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Білім алушы ағымдағы және межелік бақылау тапсырмаларын орындау, сондай-ақ аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша бағаланады.

Бағаланатын тапсырмалар тізімі оқу қызметінің мынадай түрлерін қамтуы тиіс: кейстерді талдау (*case study*), зерттеу жұмысы (*research study*), сондай-ақ жобалық тапсырмаларды орындау *(Ғылыми кеңестің 23.10.2026 жылғы отырысында толықтырылды, №4 хаттама).*

Магистратура және докторантура деңгейіндегі білім алушылар үшін рецензияланатын ғылыми журналдардың халықаралық базаларымен, статистикалық деректер базаларымен, сондай-ақ халықаралық электрондық кітапханалардың ресурстарымен жұмыс істеуге бағытталған тапсырмаларды көздеу ұсынылады. Білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуі бағаланатын тапсырмалардың барлық түрлері үшін белгіленетін және пәндердің оқу жұмыс бағдарламаларында (силлабустарда) жарияланатын нақты әрі ашық критерийлер мен дескрипторларға негізделген рәсімдер арқылы бағалануы тиіс. Кафедралар білім беру сапасының бірыңғай стандарттарын сақтау мақсатында бағалау рәсімдері мен нәтижелеріне жүйелі түрде модерация жүргізуді қамтамасыз етеді *(Ғылыми кеңестің 23.10.2026 жылғы отырысында толықтырылды, №4 хаттама).*

Бағалау нәтижелері бойынша білім алушының 100 балдық шкала бойынша рейтингі қалыптастырылады. Аралық немесе қорытынды аттестаттауға жіберілу үшін білім алушы кемінде 50 балл жинауы қажет. Бағалау шкаласы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің академиялық саясатының» 8-қосымшасында берілген.

Бағаланатын тапсырмалар тізімі

Үлгісі:

№	Сабақтың тақырыбы	Сабақ түрі (практ., зертх., СОӨЖ/СӨЖ)	Тапсырма түрі	Есеп нысаны	Тапсыру мерзімі (оқу аптасының нөмірі)	Балдар
1	Валюталық-кредиттік қатынастар	Практикалық	Тапсырмаларды шешу	жазбаша түрде	4 апта	50-100
2	Халықаралық сауда айналымы саласы	СОӨЖ	эссе	жазбаша түрде	6 апта	50-100
	Қорытынды					

Талаптар:

1) осы бөлімнің кіріспесінде жоғарыда көрсетілген мәтін қамтылуы тиіс;

2) тапсырмалар саны электрондық журналға қойылатын бағалар санына сәйкес келуі тиіс. Соңғы баға білім алушының сабақтардағы жұмысы мен сабаққа қатысуының жиынтық нәтижесінен құралады;

3) ағымдағы бақылау тапсырмаларымен қатар тізбеге межелік және қорытынды бақылауға шығарылатын тапсырмалар енгізіледі. Оларға қатысты «межелік бақылау тапсырмалары» және «аралық аттестаттау» деген тұжырымдарды қолдану қажет;

4) нысанды толтыру мысалдары:

- тапсырма түрі: реферат/эссе/жоба дайындау, есептерді/кейстерді шешу, көркем мәтіндердің атрибуциясын орындау және т.б.; межелік бақылауды белгілеу үшін «межелік бақылау тапсырмасын орындау», ал қорытынды бақылауды белгілеу үшін «аралық аттестаттау тапсырмасын орындау» тіркесімін қолдану қажет;
- есеп беру нысаны: ауызша, жазбаша, тестілеу форматында;
- тапсыру мерзімі: семестрдің 6-аптасы; аралық аттестаттау үшін – семестрдің 15-аптасынан кейін;

5) сабақтың әрбір тақырыбы бойынша білім алушыға қабылданған бағалау шкаласына сәйкес балл қойылуы тиіс. Курсты аяқтағаннан кейін білім алушы жалпы 100 балл жинауы қажет.

17. Тапсырмаларды орындағаны үшін білім алушыларды жиынтық бағалау критерийлері

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Пән контексіндегі бағалау критерийлері
A	4,0	Өте жақсы 95-100	
A-	3,67	Өте жақсы 90-94	
B+	3,33	Жақсы 85-89	
B	3,0	Жақсы 80-84	
B-	2,67	Жақсы 75-79	
C+	2,33	Жақсы 70-74	
C	2,0	Қанағаттанарлық 65-69	
C-	1,67	Қанағаттанарлық 60-64	
D+	1,33	Қанағаттанарлық 55-59	
D	1,0	Қанағаттанарлық 50-54	
FX	0,5	Қанағаттанарлықсыз 25-49	
F	0	Қанағаттанарлықсыз 0-24	

Талаптар:

1) осы бөлім ұсынылған пән контексінде білім алушыларды бағалау критерийлерін қамтиды. Критерийлер жиынтық сипатқа ие және курс аяқталғаннан кейін оқу нәтижелерін бағалау үшін қолданылады;

2) бұл ақпарат білім алушыға өзінің қорытынды нәтижелерін бағалау логикасын түсінуге және өзін-өзі бағалауға көмектесуі тиіс. Критерийлер мәлімделген оқыту нәтижелерімен байланыстырылып, курс аяқталғаннан кейін білім алушының дайындық деңгейін бағалау сипаттамаларын қамтуы тиіс;

3) «Өте жақсы» (A) бағасы материалды ерекше түсінетінін, дәлелді пайымдаулар білдіре алатынын, өз ұстанымын қорғай алатынын, практикалық

біліктері мен дағдыларын, сондай-ақ барлық тапсырмаларды сапалы орындайтынын көрсететін білім алушының жоғары дайындық деңгейін сипаттайтын критерийге сәйкес келуі тиіс;

4) «Өте жақсы» (A−) бағасы теориялық материалды толық түсінетін, оқытушының талаптарын сақтайтын және оқу бағдарламасында көзделген тапсырмаларды орындайтын білім алушының дайындық деңгейін сипаттайтын критерийге сәйкес келуі тиіс;

5) «Жақсы» (B+) бағасы қажетті білім көлемін меңгерген, тақырып бойынша ойын логикалық және дұрыс білдіре алатын, материалды түсінетін және оқытушының барлық талаптарын орындайтын білім алушының дайындық деңгейін сипаттайтын критерийге сәйкес келуі тиіс;

6) «Жақсы» (B) бағасы нақты материалды білгені, мысалдар келтіре отырып негізделген жауаптарды тұжырымдай алғаны және материалды баяндауда логикалық бірізділікті сақтағаны үшін қойылады;

7) «Жақсы» (C+) бағасы теориялық және практикалық біліктер мен дағдыларды меңгергені үшін қойылады, алайда білім алушы дәлелдеу және қорытынды жасау біліктерін толық меңгермеген;

8) «Қанағаттанарлық» (D+) бағасы материалды ішінара түсінетін және оқытушы талаптарының бір бөлігін ғана орындайтын білім алушының орташа дайындық деңгейін сипаттайтын критерийге сәйкес келуі тиіс;

9) «Қанағаттанарлық» (D) бағасы білім алушы өз бетінше қорытынды жасай алмаған, мысалдар келтіре алмаған және материалды баяндауда логикалық бірізділікті сақтамаған жағдайда қойылады;

10) «Қанағаттанарлықсыз» (FX) бағасы білім алушының дайындық деңгейі төмен болған және оқытушының талаптары толық орындалмаған жағдайда қойылады;

11) «Қанағаттанарлықсыз» (F) бағасы білімнің жоқтығын, практикалық дағдылардың қалыптаспағанын және оқытушы талаптарының орындалмағанын сипаттайтын критерийге сәйкес келуі тиіс.

СИЛЛАБУСТЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Бөлімнің атауы	Бет

Талаптар:

Силлабустың соңғы бетінде навигатор қызметін атқаратын "Силлабустың мазмұны" бөлімі орналасқан.

Силлабусты ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар:

1) парақ бағыты: кітаптық;
2) қаріп: Times New Roman;
3) қаріп өлшемі: 11;
4) жоларалық интервал: бір;
5) абзацтық шегініс: 0,8;
6) жиектері: жоғарғы – 1,5; төменгі – 1,5; оң жақ – 2,0; сол жақ – 2,0;
7) тақырыптар: әріптер – бас әріптермен; қаріп кескіні – қалың;
8) титулдық бет: пәннің, ББ-ның, кафедраның және факультеттің атаулары бас әріптен, тырнақшасыз жазылады; ББ шифры мен атауы тире арқылы, тырнақшасыз жазылады.

1 қосымша

Қолданылуы мүмкін етістіктердің оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде
шамамен тізімі

Білімді ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Анықтау, сипаттау, санау, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, қайта қарау, шығару, анықтау, көрсету, атау.

Түсінуді ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Қорытындылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, **қарама-қарсы пікір білдіру,** түрлендіру, талқылау, ажырату, анықтау, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, түсіндіру, аудару, білдіру, иллюстрациялау, талқылау**, болжау,** ұсыну, таңдау.

Пайдалану қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, айқындау**,** есептеу, түсіндіру, қалай суреттеу, болжау, **дайындау,** өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құру, өзгерту, жіктеу, эксперимент, шешім қабылдау.

Талдау қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Талдау, бөлу, жіктеу, тапсырыс беру, салыстыру, қорытындылау, қарсы қою, сынау, диагноз қою, түсіндіру, біріктіру, саралау, ажырату, зерттеу, негіздеу, қорытынды жасау.

Синтездеу қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Санау, бекіту, біріктіру, құрастыру, қорытындылау, құру, алу, әзірлеу, тұжырымдау, жалпылау, орнату, түрлендіру, біріктіру, өзгерту, ұйымдастыру, жоспарлау, ұсыну, ойлап табу, қайта құру, есеп беру, қайта қарау, таңдау, синтездеу, оқыту, айту.

Бағалау дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Бағалау, құндылықты анықтау, шешім қабылдау, анықтау, саралау, ұсыну, таңдау, ажырату, таңдау, салыстыру, қорытындылау, сынау, қорғау, бағалау, растау, рейтинг жасау, жалпылау.

Мәселелерді шешу дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Шешім қабылдау, таңдау, анықтау, ұсыну, жоспарлау, растау, бағалау, тұжырымдау, іс-қимыл тәртібін сипаттау, әзірлеу, нұсқаларды ұсыну.

Қарым-қатынас дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Қарым-қатынас жасау, білдіру, түсіндіру, жауап беру, пікірталас, қорғау, шолу жасау, емтихан тапсыру, айту, үйрету, ұсыну, қорытынды жасау.

Академиялық кеңес отырысында
мақұлданған,12.02.2025 Ж. № 4
хаттама